

**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша 2013 жылы Зеренді ауданы бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 241 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 мамырда № 3728 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 1567 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 05.11.2014 қарашадағы № 1567 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 5 тармақшасына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5 бабының 3 тармағының 3 тармақшасына сәйкес және "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 213 қорытындысының негізінде, Зеренді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша 2013 жылы Зеренді ауданы бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Е.Маржықпаев*  
Зеренді ауданы әкімдігінің  
2013 жылғы 25 сәуірдегі

**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша 2013 жылы Зеренді ауданы бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері**

р/с №	Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері
1	Жаздық бидай	11 мамырдан 27 мамырға дейін
2	Арпа	27 мамырдан 5 маусымға дейін
3	Сұлы	27 мамырдан 5 маусымға дейін
4	Қарақұмық	25 мамырдан 4 маусымға дейін
5	Бұршақ дәнділер	15 мамырдан 27 мамырға дейін
6	Майлылар	15 мамырдан 28 мамырға дейін
7	Картоп	11 мамырдан 29 мамырға дейін
8	Көкөніс-бақша	11 мамырдан 16 маусымға дейін
9	Жемшөптік (бір жылдық шөптер, ағымдағы жылдың көп жылдық шөптер және шабындық жерге шөп егіп жаңарту үшін егілген, ағымдағы жылдың көп жылдық шөптер)	11 мамырдан 17 мамырға дейін
10	Сүрлемге жүгері, күнбағыс	17 мамырдан 25 мамырға дейін
11	Көкөніс-бақша дақылдары ашық топырақта, картоп өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін қолдана отырып өсірілген жағдайда	11 мамырдан 16 маусымға дейін
12	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары	11 мамырдан 15 маусымға дейін